

Түркістан облысы Сайрам ауданы білім болімінің «№2 Сайрам бебекшай –бақшасы» мемлекеттік коммуналдық қазыналық кәсіпорны.

Бекітемін:

«№2 Сайрам бебекшай –бақшасы»

МКҚК-ның інгерушісі

К.С.Науменова

«___» 2024 ж.



Жұлдыз» ересек тобы

Ұйымдастырылған ашық оқу іс-әрекеті

Тақырыбы: «Қазақстан-менің Отаным.
Қазақстан Республикасының Мемлекеттік
Рәміздері»

Тәрбиеші: Нұрманова Ү

Аксукент 2024ж

«Қазақстан-менің Отаным. Қазақстан Республикасының Мемлекеттік рәміздері!»

Білім беру саласы: Қатынас, Таным, шығармашылық

Үйымдастырылған оқу іс - әрекеті: Қазак тілі, Қоршаған оргамен тәнистиру, Құрастыру
Тақырыбы: «Қазақстан-менің Отаным. Қазақстан Республикасының Мемлекеттік
раміздері.»

Максаты: Балалардың Қазақстаниң Мемлекеттік рәміздерінде білімдерін
қалыптастыру, кіші отан туралы түсініктерінің ықпал ету, ойлау қабілеттерін, киялмын
дамытуға үйрету.

Тақпақтар, макал – мәтелдер.

Дамытушылық: есте сактау қабілетін дамыту

Тәрбиелік мәні: Балалардың тіл байлығын, сойлеу қабілетін дамыту. Тұған елін, жерін
сүюге тәрбиелеу.

Көрсету, әнгімелеу, сұрап - жауап, ойын түрлері әдіскерлік тәсіл ретінде колданылады.

Көрнекілік: суреттері, дидактикалық материалдар,

Тәрбиеші: Балалар шаттық шенберге тұрайық.

Шаттық шенбері.

Арайлап таң атты ,

Алтын сауле таратты.

Қайырлы таң апайлар,

Қайырлы таң достарым.

Достарымды көргенде,

Куана қарсы аламын.

Салем салем салем.

Здравствуй солнце золотое,

Здравствуй небо голубое.

Здравствуй мой детский сад,

Здравствуй гости и друзья.

Good morning! Good morning!

Good morning too you,

Good morning! Good morning!

I like too you.

Балалар қонактармен 3 тілде амандасады.

Саламатсыздарма?

Здравствуйте!

Good morning

Казакстан Республикасының мемлекеттік әнұраны орындалады.

Тәрбиеші: Балалар сендер қандай ән орындаудыңдар?

Балалар: Казакстан Республикасының әнұранын орындаадык.

Тәрбиеші: Балалар қазір қай мезгілі?

Балалар: Күз.

Тәрбиеші: Күз мезгілінде неше ай бар? Үш айдың атын атаймыз. Қазір күз мезгілінін нешінші айы?

Балалар: Үш ай бар.

Кыркүйек, Қазан, Қараша.

Екінші айы-Қазан.

Тәрбиеші: Күз мезгілінде қандай өзгерістер болады?

Балалар: Күн сұытады, жанбыр жауады, жел болады, жапырақтар сарғайып жерге түседі. Жемістер піседі.

Тәрбиеші - ете тамаша ендеше видео ролик тамашалаймыз!

Тәрбиеші - Балалар біз қай республикада тұрамыз? Біздің Отанымыз?

Балалар: Біз Қазақстан Республикасында тұрамыз.

Тәрбиеші: Әрбір Республиканың ерекшелігін білдіретін әнұраны, туы, елтаңбасы болады. Біз оларды рәміздер деп атаймыз. Мынау біздің туымыз. Тудың түсі аспанның түсіне ұқсайды. Қоқ аспандай көгілдір, ортасында күн, астында бүркіт ұшып келе жатыр.

Мынау-Елтаңбамыз. Елтаңбада шаңырақ, күн сәулесі, бес бұрышты жұлдыз, және Қазақстан деген жазу бар. Балалар Қазақстан Республикасының өзінше ерекшелігі өзіндік Әнұраны бар. Балалар біздің отанымыздың астанасы қай қала?

Сұлтан: Астана қаласы

Тәрбиеші: Балалар үлкен мерекелерде туымыз көтеріліп, әнұраның орындалады. Рәміздерімізді үлкен де, кіші құрметтеп жогары ұстасу тиіс. Ал әнұранды біз білеміз. Сендер ту мен елтаңбаны әрқашан қастерлеуге тиіссіндер.

Балалар Отан туралы мақал-мәтел білесіндерме?

Адилғызы: Отан-отбасынан басталады.

Руслан: Отансыз адам-отансыз бұлбұл.

Рақымжан: Тіл бірлігі-Ел бірлігі.

Шыгармашылық жұмыс: балалар үш топқа бөлініп:

Бірінші топ: Туды қубиктер арқылы құрастырады.

Екінші топ: Елтаңбаны пазл арқылы құрастырады.

Үшінші топ: Астана қаласының құрастырымыз.

Балалар жұмыс жасайды.

Тәрбиеші: Балалар отан туралы тақпақ кім біледі?

Раяна:

Ұлан байтақ жері бар,

Пайдалы қазба кені бар.

Тәуелсіз ел Қазақстан,

Көркіне көркі жарасқан.

Алихан:

Тәуелсіз азат елім,

Туып өскен байтақ жерім.

Мәңгі жайнап тұра бер,

Қазақстаным менің.

Айкен:

Кең жазық отан мекенім,

Сен деп өсіп көктедім.

Сені қорғау парызым,

Мұны біліп өтемін.

Парвиза:

Отаным менің Қазақстан,

Қарызбын саган әрқашан.

Азаматтық борышты,

Өтеуге мәңгі талпынам.

К/ойын: Санап допты сал.

Балалар ойынды белсene ойнайды

Қорытынды:

Тәрбиеші: Біз қандай мемлекетте тұрамыз? Біз қай тілде сөйлейміз? Елордамыз қай қала?

Балалар: Қазақстан Республикасында тұрамыз. Қазақша тілде сөйлейміз. Елордамыз-Астана.

Тәрбиеші: Балаларды мактап, мадактайтындар. Балалар келген қонақтармен Зтілде қоштасады

Балалар: Сауболыңыздар! До свидания! Goodbye!

Күтілетін нәтиже: **Балалардың отан туралы түсініктерін дамыту.**

Біледі: Қазақстан Республиканың туын, елтанбасын, әнұранын.

Игереді: Суреттегі заттардың атын білеміз.

Менгереді: Құрастыруды, менгерді.